

5. Sheils J. *Modern Language Classroom Communication Activity*. - Strasbourg: Council of Europe Press, 1995. – 337 p.
6. Измаилова М.А. *Деловое общение: учебное пособие / под ред. А.П.Ворохова*. – изд. 1-е. – М.: Наука, 2009. – 252 с.
7. Войтович И.К. *Иностранные языки в контексте непрерывного образования: монография / под ред. Т.И. Зелениной*. – Ижевск: Изд-во Удмуртский университет, 2012. – 212 с.
8. Беркимбаев К.М., Мухамеджанов Б.К., Акешова М.М. *Метод CASE-STUDY как современная технология обучения английскому языку будущих экологов // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований*. – М., 2012. – № 7. – С. 109-113.
9. Покушалова Л.В. *Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения студентов // Молодой ученый*. – 2011. – Т.2, №5. – С. 155-157.
10. Акешова М.М. *The use of case study method in teaching foreign language // Матер. междунар. науч.-теор. конф. «Шулембаевские чтения», посвященной 75-летию доктора философских наук, профессора К.Ш. Шулембаева*. – Алматы, 2012. – С. 274-279.
11. Акешова М.М., Ризаходжаева Г.А., Саримсакова Н.М. *Creativity and critical thinking*. – Туркестан: Из-во Туран, 2017. – 152 с.

МРНТИ 14.15.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.24>

А.С.Косшыгулова<sup>1</sup> А.Т.Кенжебаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті  
Тараз қ., Қазақстан

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ӨЗІНДІК ҰЙЫМДАСТЫРУЫН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қазіргі студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары жайындағы мәселе қарастырылады. Сонымен қатар бұл тақырып бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымыдарының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатындығы туралы айтылады. Студенттердің оқу іс-әрекетінің өздігінен ұйымдастырылуы мақсаттылық, белсенділік, мотивацияның негізділігі, өз қызметін жоспарлау, дербестік, шешім қабылдау жылдамдығы және олар үшін жауапкершілік, өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалаудың сындылығыарқылы байқалатындығы жөнінде баяндалады. Автор көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, оқу іс-әрекетінің өзіндік ұйымдастырылуын тек қана оқу емес, жеке және қоғамдық маңызы бар өзіндік жұмыс ретінде анықтайды және ғылымның белгілі бір саласында білімді толықтыруға бағытталған оқу қызметінің ерекше түрі ретінде өзіндік жұмыстың уәждемелік сипатын атап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** студент, оқу іс-әрекеті, өзіндік ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау, өзіндік жұмыс.

*A.S.Koshygulova<sup>1</sup> A.T. Kenzhebaeva<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Taraz state pedagogical university  
Taraz, Kazakhstan*

## **PSYCHOLOGICAL - PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE DEVELOPMENT OF SELF-ORGANIZATION OF STUDENTS EDUCATIONAL ACTIVITIES**

### *Abstract*

This article discusses the issue of psychological and pedagogical conditions of self-organization of educational activities of modern students. In addition, we are talking about the fact that this topic is one of the most pressing problems of psychology and pedagogical science today independent organization of educational activities of students is stated on the expediency, activity, validity of motivation, planning of their activities, independence, speed of decision-making and responsibility for them, critical evaluation of the results of their activities. The author, based on the opinions of many domestic and foreign scientists, defines independent organization of educational activities as independent work of students, not only in the process of learning, but also as a property of individual and social significance, emphasizes the motivational nature of independent work as a special type of educational activity aimed at replenishing knowledge in a particular field of science.

**Keywords:** student, educational activity, self-organization, self-regulation, self-assessment, independent work of students.

*A.S.Koshygulova<sup>1</sup> A.T.Kenzhebaeva<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>Таразский государственный университет,  
г.Тараз, Казахстан*

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ САМООРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ**

### *Аннотация*

В данной статье рассматривается вопрос о психолого-педагогических условиях самоорганизации учебной деятельности современных студентов. Кроме того, речь идет о том, что данная тема сегодня является одной из актуальных проблем психологии и педагогической науки. Самостоятельная организация учебной деятельности студентов излагается на целесообразность, активность, обоснованность мотивации, планирование своей деятельности, самостоятельность, скорость принятия решений и ответственность за них, критичность оценки результатов своей деятельности. Автор, опираясь на мнения многих отечественных и зарубежных ученых, определяет самостоятельную организацию учебной деятельности как самостоятельную работу студентов, не только в процессе обучения, но и как свойство имеющеиндивидуальную и общественную значимость, подчеркивает мотивационный характер самостоятельной работы как особый вид учебной деятельности, направленной на пополнение знаний в определенной области науки.

**Ключевые слова:** студент, учебная деятельность, самоорганизация, саморегулирование, самооценка, самостоятельная работа студентов.

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымыдарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды

жасауға қабілетті, рухани дүниесі кең, өзінің оқу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыра алатын саналы, сапалы мамандар дайындау.

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейіндегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қабілетінің негізгі шарты болып табылады. Кәсіби даярлық үрдісінде жоспарлау, білім алу, өзінің жоғары жеке қабілеті мен қажеттігіне жауап беру мүмкіндігі бар студент еңбек нарығында елеулі орын алуы заңдылық болып табылады. Осыған орай, маманды даярлау сапасы тек қана даму көрсеткіші және оқу орнын тәмәмдау факторы ретінде шешуші рөлге ие болып қана қоймай, негізгі өмірлік табысы болып табылады.

Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды білім нәрімен сусындату, өз бетімен білім алуын, өзін-өзі тәрбиелеуін, оқу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыра білу қабілеттерін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Еліміздегі жоғары білім беру жүйесін жаңғырту мақсаттарының бірі таным белсенділіктің тиісті деңгейі мен түрлеріне студенттердің дайындығын дамыту болып табылады. ЖОО-да өзіндік жұмыс барысында студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруға дайындық жүйесіне білім беру, өзін-өзі ұйымдастыру және өздігінен білім алу кіреді [1]. Бұл студенттерге жеке қабілеттеріне, мотивациясына, мүдделері мен қажеттіліктеріне сай саналы кәсіби дайындыққа дайын болуға мүмкіндік береді. ЖОО-да оқу үрдісінде студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруы өзіне бағытталған саналы іс-әрекет болып табылады.

Студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруының мақсаты болып маңызды білім беру және кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған жеке қасиеттерді дамыту саналады. Өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылған тұлға сыртқы ортаның әсері арқылы қалыптасады, ол қоғамдық орта және ортадағы жағдайлар арқылы адамның тіршілік әрекетінің қажетті-уәждемелік саласына айтарлықтай әсер етеді.

Осыған орай студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруға дайындығы қоғамның білікті, бәсекеге қабілетті, құзыретті, үнемі кәсіби жетілуге дайын, өздігінен білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге, өзінің дербес қызметін ұйымдастырудың жаңа, тиімді нысандарын іздестіру және оларды жүзеге асыруға дайын білікті мамандарды даярлауға деген қоғамның әлеуметтік тапсырысымен байланысты. Өз бетінше жұмыс барысында өзін-өзі ұйымдастыруға дайын болу болашақ маманға өздігінен білім алу шарттары мен міндеттерін табысты талдауға, өз қызметін ұтымды жоспарлауға, ұйымдастыруға, барабар бағалауға, уақтылы түзетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді [2].

Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің негізін өз қызметін жоспарлау, өз уақытын дұрыс бөлу және оны ұйымдастырудың оңтайлы тәсілдерін табу білігінен құралатын өз іс-әрекеттерін өздігінен ұйымдастыруға деген практикалық дайындығы құрайды.

Л.С. Выготский, А.Т. Асмолов, А.Н. Леонтьев, Л.С. Рубинштейн, сияқты ғалымдардың психологиялық-педагогикалық бағыттағы зерттеулерінде студенттердің оқу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыруы адамның жеке жетілу көрсеткішін, адамның табиғи және әлеуметтік тұрғыда жүре пайда болған қасиеттерінің интегралдық жиынтығын білдіреді. Өз іс-әрекеттерін өздігінен ұйымдастыру тұлғаның ерік қасиеттерінің қатарына жатады. Әр түрлі ерекше жағдайларда ерік («ерік күшінің», жігерлі ынтаның) пайда болуы жеке тұлғаның ерік қасиеттері туралы айтуға мүмкіндік береді [2,3].

Осылайша, студенттердің оқу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыру бір жағынан іс-әрекет болып, сонымен қатар өзін-өзі ұйымдастырумен байланысты жеке тұлғаның қасиеті болып та саналады. Студенттердің оқу іс-әрекетінің өздігінен ұйымдастырылуы мақсаттылық, белсенділік, мотивацияның негізділігі, өз қызметін жоспарлау, дербестік, шешім қабылдау жылдамдығы және олар үшін жауапкершілік, өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалаудың сындылығы, борыш сезімдері арқылы байқалады.

Студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру мәселесі ЖОО-да алғашқы оқу күнінен бастап туындайды. Тәжірибе көрсеткендей, бірінші курс студенттері оқу іс-әрекеті мен жеке уақытын ұйымдастыруға байланысты бірқатар қиындықтарға кез болады. Әсіресе:

- уақыт бюджетін бөлу дағдыларының болмауы;
- күн тәртібіне қойылатын гигиеналық талаптардың сақталмауы (демалуға, спортқа, дұрыс тамақтануға жеткілікті уақыт бөлінбейді)
- өздігінен оқу және бос уақытты ұтымсыз ұйымдастыру (ақыл-ой және дене еңбегінің ауысуы)
- қазіргі заманғы гаджеттермен шамадан тыс әуестенуі, соның салдарынан нақты уақыт сезімінің болмауы туындайды.

Қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік танымдық қызметі әртүрлі оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мамандықтардың жұмыс оқу жоспарында ерекше рөл СӨЖ және СОӨЖ беріледі. Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) - бұл оқытушының тапсырмасы бойынша және оның әдістемелік жетекшілігімен орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз орындалатын студенттердің жоспарланған жұмысы. Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы (СОӨЖ) - бұл оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік басшылығында, оның тікелей қатысуымен орындалатын студенттердің жоспарланған жұмысы.

Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы студенттерді теориялық ережелерді талдауға қатыстыруды көздейді, ғылыми ізденіске үйретеді, педагогикалық үрдістерді ғылыми тұрғыда түсіндіруге бағыттайды, тұтас педагогикалық үрдісті теориялық зерделеуге және педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолдану жолдарын жетілдіруге зерттеу тәсілін қалыптастырады.

Осы көзқарастың өкілдері (В. Граф, М. Г. Гарунов, И. А. Зимняя, В. Я. Ляудис, Н. Д. Никандров, С. Б. Әбдіғалпарова, Г. К. Ахметова, С. Р. Ибатуллин, А. Ә. Құсайынов, Б. А. Мырзалиев, С. М., Өмірбаев, А. Е. Әбілқасымова және т.б.) оқу іс-әрекетінің өзіндік ұйымдастырылуын тек қана оқу емес, жеке және қоғамдық маңызы бар өзіндік жұмыс ретінде анықтайды [2,3,4] және білім алушылардың дидактикалық міндеттерді өз бетінше орындауға, танымдық қызметке қызығушылықты қалыптастыруға және ғылымның белгілі бір саласында білімді толықтыруға бағытталған оқу қызметінің ерекше түрі ретінде өзіндік жұмыстың уәждемелік сипатын атап көрсетеді.

Осылайша, тұтас педагогикалық үрдіс құрылымында ол бір жағынан студенттердің аудиториядан тыс жұмысы ретінде, ал екінші жағынан студенттің жүйелі, жоспарлы, мақсатты жұмысы ретінде әрекет етеді.

Студенттерді теориялық қағидалар мен педагогикалық тәжірибеге талдау жасауға қатыстыру педагогтың кәсіби қызметінде негіз қалаушы қасиеттер болып табылатын өзіндік сана-сезімді, кәсіби рефлексия мен дербестікті қалыптастырады. Теориялық және практикалық сипаттағы шығармашылық аналитикалық тапсырмалар арқылы педагогты дайындау жүйесі құрылады, онда студенттер мен оқытушының бірлескен іс-әрекетінің әртүрлі қырлары көрсетілген.

Өзінің оқу іс-әрекетін өз бетінше жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын меңгеру ЖОО - да оқуға табысты бейімделуді қамтамасыз етеді. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру студенттердің кейбір жеке ерекшеліктерінің жағымсыз әсерін төмендетуге мүмкіндік береді: енжарлық, зейін қоя алмаушылық, уақыт шегі жағдайында әрекет ете алмаушылық, өз мүмкіндіктерінде сенімсіздік.

А.О. Кошелев атап өткендей, өзіндік ұйымдастырудың арқасында студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуы, жеке дамуының маңызды өзегі ретінде субъективті тәжірибенің үнемі толығы, түрленуі орын алады, сондай-ақ білім алушылардың өзін-өзі бағалауын дамыту және жоғары оқу орнындағы әртүрлі қызмет түрлерінде (оқу, ғылыми-зерттеу, қоғамдық әлеуметтік) жеке жетілуіне қол жеткізу жүзеге асырылады [4].

Өзіндік жұмысты орындау кезінде өзін-өзі ұйымдастыру өз қызметінің нәтижелеріне жауапты тұлғаның танымдық белсенділігінде, орындалатын іс-әрекеттерге рефлексивтілік пен шығармашылық элементтерін енгізуге талпытуда көрініс табады. Ақырында жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру әрекеті өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға бағытталады. Өзін-өзі ұйымдастыруы жоғары тұлғаға тән негізгі қасиеттер: ойлау креативтілігі, асертивтілік (өзіне сенімділік, позитивтілік пен басқаларға деген құрмет көрсете отырып, өз құқықтарын конструктивті қорғай білу қабілеті, өзінің мінез-құлқы үшін жауапкершілікті сезіну), тиімділікке бағдарлану.

Өзін-өзі ұйымдастыру деңгейі жоғары студенттер өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді өздігінен тексеру дағдыларына ие болады, жүзеге асырылатын қызметтің жоғары сапасына қол жеткізуге бағытталады. Студенттердің өзіндік жұмысы барысында оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру кезінде күрделі оқу материалдары мен оны меңгеру үшін уақыт шеңберінің қысқарғандығы арасындағы қайшылықтарды ескеру қажет.

В.Н. Донцовтың пікірінше, оқу іс-әрекетінің өздігінен ұйымдастыруды мақсат, оқуды басқару уәждері және ұйымдастыру міндеттерін шешу бойынша зияткерлік іс-әрекеттер жүйесі жүзеге асыратын қызмет ретінде қарастыру қажет. Осылайша, дидактикалық тұрғыдан студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру педагогикалық ықпал субъектісінен салыстырмалы тәуелсіз және объективті өзгертін мақсаттарға сәйкес танымдық іс-әрекет бағдарламасын құру және жүзеге асыру іскерлігінің жүйесін білдіреді [5].

Авторлар оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру элементтерін өздері белгілеген оқу іс-әрекетінің мазмұнына байланысты қарастырады. Бұл ретте оқу іс-әрекеті қызметтің ерекше түрі ретінде екі түрлі әрекетті қамтиды.

Біріншіден, оқу материалының пәндік мазмұнын меңгерумен байланысты іс-әрекеттер:

- а) оқу материалының мазмұнын анықтау әрекеті;
- ә) оқу материалын игеру және меңгеру бойынша іс-әрекеттері.

Екіншіден, оқу іс-әрекетінің барлық жүйесін ұйымдастыруға бағытталған жалпыланған реттеуші іс-әрекеттер:

- а) өмір уақытын ұйымдастыру әрекеттері;
- ә) оқу іс-әрекетінің барлық жүйесінің жүзеге асырылуын реттейтін және түзетуге арналған бақылау іс-әрекеттері.

Студенттермен жұмыс істеген психологтар (Быков А. В., Шульга Т. И. және т.б.) студенттер үлгерімінің төмендігі мен мінез-құлқындағы теріс көріністері өзін-өзі ұйымдастырудағы кемшіліктермен, өздерін жүйелі түрде жұмыс істеуге мәжбүрлей алмауымен, басталған істі аяғына дейін жеткізуге, іске кедергі келтіретін ниеттерді тежей алмаумен байланысты екенін атап өтті [1,3].

Н.С. Копейнаның зерттеулерінде студенттердің екі қарама-қайшы тобы белгіленді: оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастырудың жоғары және төмен деңгейде дамуы [1]. Өзін-өзі ұйымдастыру деңгейі жоғары студенттерді диагностикалық тексеру оларға келесідей қасиеттер тән екенін көрсетті: мамандықты дұрыс таңдау, жоғары мотивация, оқу іс-әрекетінде жүйелілік, ерік-жігердің айқын белгілері, айтарлықтай жоғары барабар өзін-өзі бағалау, мақсатқа ұмтылу, ұйымшылдық, жоғары үлгерім, өзіне сенімділік.

Оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру деңгейі төмен студенттерде келесі көрсеткіштер басым болды: мамандыққа немқұрайлылық, іс-әрекет мотивациясының төмендігі, оқу іс-әрекетінің төмен жүйелілігі («шабуылды» артық көру, көбінесе емтихандық сессияға ғана қатысу), ерік-жігерінің өзіндік бағалауының төмендігі, жолдастарымен байланысқа кететін уақыттың тым көптігі.

Сонымен осы аталған бір-біріне қарама-қайшы келетін екі топтың ішінен, әрине, бірінші топқа жататын студенттер көп жетістіктерге қол жеткізеді. Себебі олардың бойында білім алуға деген мотивациясы жоғары, өзінің оқу іс-әрекетін жүйелі түрде басқара алады, ерік-жігері едәуір жоғары, өзін-өзі тиісті бағалауға қабілетті, алдына қойған мақсаттарға ұмтылады, ұйымшыл, үлгерімі жақсы, өзіне сенімді, өз уақытын тиімді үлестіре алады, жалпы айтқанда, өзінің оқу іс-әрекетін өздігінен ұтымды ұйымдастыра алатын студенттен болашақта жақсы, білікті маман шығатындығы даусыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Хмель Н.Д. *Теоретические основы профессиональной подготовки учителя*. - Алматы, 1998, 320 с.
2. Выготский Л.С. *Педагогическая психология* / Л.С. Выготский. М.: Педагогика, 1991.-480 с.
3. Зимняя И.А. *Педагогическая психология: Учебник для вузов* / И.А. Зимняя. М.: Логос, 2002. - 348 с.
4. Кошелева А.О. *Становление личностной зрелости будущих специалистов в инновационных условиях высшего профессионального образования: монография* / под общ.ред. А.О. Кошелевой – Елец: ЕГУ им. И. А. Бунина, 2009. – 102 с.
5. Донцов В.Н. *Учебная самоорганизация студентов как фактор успеваемости (на материале динамики младших курсов): дис.канд. пед. наук* / В.Н. Донцов. Л., 1977. - 256.